**Dpto. Filología Inglesa II**
**Facultad de Filología**
**Universidad Complutense de Madrid**

Madrid, 9 January 2023

Review of the dissertation work of PhD candidate **Zhanar Mustafina** by academic advisor Asunción López-Varela

Topic: **Religious symbols: history and modern period**

This letter reviews Ms Mustafina's work towards meeting the PhD requirements at the Department of Religious and Cultural Studies at Al-Farabi Kazakh National University, including her dissertation.

The topic of Mustafina Zhanar's dissertation is relevant. We comprehensively discussed this topic when Ms Mustafina came to Madrid to the Complutense University to conduct scientific research. In the course of this, I expressed my thoughts on the structure and plan of the dissertation. In addition, I advised on theoretical and methodological issues and the practical side of writing the work. During the visit, Ms Mustafina actively worked with scientific literature from the university library collections. The relevance of her work is due to the need to study the current state and historical transformation of the diversity of religious faith in society.

Scientific theories of studying the practical side of religious faith have developed in Western countries. Its methodology and methods allow us to analyze religious symbols' history and modern system.

In the section in which the theoretical and methodological foundations of the problem are considered, scientific theories and approaches developed in the subsequent period are studied, starting with the first reflections on the origin of religious symbolism and its nature. They made it possible to carry out scientific work in the right direction and achieve effective results.

International and domestic literature and special studies have been comprehensively analyzed. However, the actual base of the work consists of various sources. This circumstance determined the historical evolution and transformation of religious symbols.

**Avda. Complutense, s/n 28040 MADRID - Teléf.: 91 394 5858-**

Moreover, it opened the way to study the practical side of religions, the peculiarities of religious symbols.

The practical significance of the dissertation is connected with the activities aimed at improving the religious literacy of Kazakh society. At the same time, the importance of this study follows from the need to determine the role and meaning of the symbol system in modern religions.

At this point, I am satisfied that Ms. Mustafina has fulfilled the necessary requirements pursuant to her PhD defence. Therefore, I trust her advisors at al-Farabi Kazakh National University will decide to move on schedule the defence.

Филология бөлімі II
Филология факультеті
Комплутенсе Мадрид университеті

Мадрид, 9 қаңтар 2023

PhD үміткер Жанар Мустафинаның диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші Асунсьон Лопез-Вареланың шолуы

Тақырыбы: **Діни рәміздер: тарихы және қазіргі кезеңі**

Бұл хатта Мустафина ханымның әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасында PhD философия докторы дәрежесін алу жөніндегі жұмысына, оның ішінде диссертациясына шолу жасалады.

Мустафина Жанардың диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті мәселе болып табылады. Тақырып бойынша Мустафина ханымның Мадрид қаласына Комплутенсе университетіне ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу үшін келген кезінде жан-жақты талқылау жүргіздік. Оның барысында диссертацияның құрылымы мен жоспарына қатысты өзімнің ой-пікірлерімді білдірдім. Сонымен қатар, мен жұмысты жазудың теориялық-методологиялық мәселелері мен практикалық жағы бойынша кеңестерімді бердім. Мустафина ханым іс-сапар кезінде университет кітапханасының қорларындағы ғылыми әдебиеттермен белсенді жұмыс жасады. Оның жұмысының өзектілігі қоғамдағы діни сенімнің әр алуандылығының қазіргі күйі мен тарихи трансформациясын зерттеу қажеттілігінен туындайды.

Батыс елдерінде діни сенімнің практикалық жағын зерттеудің ғылыми теориялары қалыптасқан. Оның методологиясы мен әдіс-тәсілдері діни рәміздердің тарихы мен қазіргі жүйесін талдауға мүмкіндік береді.

Мәселенің теориялық-методологиялық негіздері қаралған бөлімде діни рәміздердің пайда болуы мен оның табиғатына қатысты алғашқы ой-пікірлерден бастап кейінгі кезеңде қалыптасқан ғылыми теориялар мен тәсілдер зерделенген. Олар ғылыми жұмысты дұрыс бағытта орындап, тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген.

Шетелдік және отандық әдебиеттерге, сондай-ақ арнайы зерттеулерге жан-жақты талдау жүргізілген. Дегенмен, жұмыстың деректік базасы түрлі дереккөздерден құралған. Бұл жағдай діни рәміздердің тарихи эволюциясы мен трансформациясын айқындайды. Сонымен қатар, діндердің практикалық жағын, діни рәміздердің көрініс беру ерекшеліктерін зерттеуге жол ашқан.

Диссертацияның практикалық маңыздылығы қазақстандық қоғамның діни сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралармен байланысты. Сонымен қатар бұл зерттеудің маңызы қазіргі діндердегі рәміздер жүйесінің рөлі мен маңызын айқындау қажеттілігінен туындайды.

Қазіргі уақытта мен Мустафина ханымның докторлық диссертациясын қорғау үшін қажетті талаптарды орындағанына қанағаттанамын. Сондықтан

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ

оның әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі кеңесшілері қорғауды кесте бойынша өткізу туралы шешім қабылдайды деп сенемін.

Мадрид,
Комплутенсе университетінің профессоры
Асунсьон Лопез-Варела

ПАРАҚТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАНЫЗ
СМ. НА ОБОРОТНОЙ СТОРОНЕ

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, екі мың жиырма үшінші жыл, жиырма жетінші наурыз. Құжаттың ағылшын тілінен қазақ тіліне мәтін-аудармасын орындаған аудармашы Белхожаева Аружан Ержанқызы, 20.06.2000 жылы туған, ЖСН 000620601345.*

*Қолы* ____________

Белхожаева Аружан Ержанқызы

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, екі мың жиырма үшінші жыл, жиырма жетінші наурыз. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы Әділет Министрлігінің халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитетінде, 20.01.2006 жылы берілген № 0000354 лицензиясы негізінде әрекет ететін, мен нотариус Кан Елизавета Герасимовна, аудармашы Белхожаева Аружан Ержанқызының қойылған қолының түпнұсқалығын растаймын. Аудармашының тұлғалығы анықталды, қабілеті мен өкілеттігі тексерілді.*

*Тіркеу нөмірі № 8486*
*104 теңге төленді*

*Нотариус* ____________
*Кан Елизавета Герасимовна*

БАЙЛАНЫП ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ НӨМІРЛЕНГЕН ҚҰЖАТ ___ БЕТТЕ
ПРОШНУРОВАНО, ПРОНУМЕРОВАНО НА ___ СТР.

ES60013092303271116 47E30155E

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия